	<p>әңгімелеп жеткізу. Балалардың сөздік қорын дамыту. Орыс тілі Маман жоспары бойынша</p>			
--	---	--	--	--

Өтпелі тақырып : «Табиғат әлемі» (Қараша II апта.)

Апта тақырыбы: Үй жануарлары. Өсу жолдары, тіршілік мекені, пайдасы мен күтімі.

Мақсаты: Балаларға үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, олардың пайдасы маңызы, туралы түсінік беру. Олардың түрлерін бір – бірінен ажыратуға, бізге тигізер пайдасын айтып, ұлттық тәрбие негізінде еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, экологиялық тәрбие беру. Үй жануарларына қамқорлық жасау.

<p align="center">«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-2,5 Қауіпсіз мінез-құлық негіздері-0,5</p>	<p align="center">«Қатынас»-5 Сауат ашу негіздері-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -1 Орыс тілі-1</p>	<p align="center">«Таным»-2,5 Математика негіздері -1 Жаратылыстану-1 Құрастыру-0,5</p>	<p align="center">«Шығармашылық»-5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-1 Жапсыру1 Музыка -2</p>	<p align="center">«Әлеумет»-1,5 Өзін өзі тану-1 Қоршаған ортамен танысу-0,5</p>
<p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Өз үйіңді тап» Мақсаты:Балаларға бір орында айнала тұруды үйрету.Арқан жіп үстінен тура және бір қырымен жүруді жаттықтыру.Балалардан үйді немен тұрғызатыны туралы сұрау.Өз ойларын толық жеткізуге мүмкіндік беру. Негізгі қимылдар: 1.Ирелендеп жүгіру. (10 м ден 3 рет). 2.Жай, бір аяқтан екінші аяққа кезектестіре секіре жүгіру.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Т т дыбысы мен әрпі. Мақсаты: Т дыбысы және әрпімен таныстыру. Тілдің дыбыстарын естіп, қабылдау, оларды сөздер ішіннен бөлу және сөзсіз айту.Сөздегі дыбыстардың (дауысты дауыссыз ,жуан, жіңішке)ажыратып дұрыс дыбыстау. Сөз,сөйлем сызбасын құру.Жазу жолын жол аралық кеңістікті жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап әріп</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы:Дөңгелек. Шаршы. Тіктөртбұрыш.Үшбұрыш. Мақсаты: Заттарды бірнеше қасиеттері бойынша табуға үйрету;заттардың биіктіктерін салыстыруға жаттықтыру. Логикалық ойлауын және зейінін дамыту.Балалардың зейінін логикалық ойлау қабілетін дамыту. Ұқыптылыққа,шыдамдылыққа Тәрбиелеу.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Бота Мақсаты: Балаларға үй жануарлары туралы мәлімет бере отырып, түйе баласы ботаның суретін салуға және оны бояуға үйрету. Қылқаламмен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Туған өлке, үй жануарларын қорғай білуге үйрету. Жапсыру Тақырыбы: «Бұйра қошақан»</p>	<p>Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Менің туыстарым» Мақсаты: Өзара сыйластық ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру. Туыс, туысқан ұғымы жайлы түсінік беру.Туыстар бір түбірден өскен ағаштың бұтақтары тәрізді екенін, туыстармен қалай қарым қатынас жасау керектігін үйрету.Туыстарға деген сыйластық қарым қатынастарын</p>

<p>2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Өз үйіңді тап» Мақсаты:Балаларды әр бұрышта шыр айнала бұрылып жүру,саптан бір-бірден жан-жаққа тарау.Аяқтың ұшымен, өкшемен, белгі бойынша айнала бұрылып жүру.Заттардың арасынан шашырай 2 мин. дейін жүгіру.Кубиктерден үй жасап үйрету. Негізгі қимылдар : 1.Гимнастикалық орындық үстімен оң және сол жаққа жерге соға қос қолмен қағып ала жүру. 2.Бір қолмен дорбашаны төменнен шығыршыққа лақтыру. Қауіпсіз мінез құлық негіздері Тақырыбы: Үй жануарлары және оны күтіп бағу Мақсаты: Балалардың үй жануарлары және оларды күту туралы білімдерін жүйелеу және қорыту. Танып білуге деген қызығушылықтарын арттыру; байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын байыту. Өз денсаулығын күтуге, үй жануарларына қамқорлық жасау.</p>	<p>элементтерін жазу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: У дыбысы мен әрпі. Мақсаты: У дыбысы және әрпімен таныстыру. Сөз, сөйлем сызбасын оқу. Жазу жолын жол аралық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап әріп элементтерін жазу. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Ақсақ құлан»(аныз) Мақсаты: Аңыз мазмұнын түсініп, тыңдауға деген сүйіспеншілігін артыру. Аңыз оқиғасы арқылы балаларды жанашырлық, мейірімділік сезімдерін қалыптастыру. Күй өнері құдіретін сезіне білуге тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы:«Үй жануарлары» Мақсаты:Балаларға үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, олардың пайдасы маңызы, туралы түсінік беру. Олардың түрлерін бір – бірінен ажыратуға, айтқандай зейін қойып тыңдауға үйрету көзделіп үй жануарларына байланысты тақпақтар мен мақал мәтелдер айтқызу сұрақ – жауап, жұмбақ шешу арқылы тіл байлықтарын дамытумен бірге олардың бізге тигізер пайдасын айтып, ұлттық тәрбие негізін еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, экологиялық тәрбие беру қарастырылады. Орыс тілі Маман жоспары бойынша</p>	<p>Құрастыру Тақырыбы: Үй жануарларына арналған қоршау. Мақсаты: Жануарлардың өсу жолдары туралы түсінік беру.Оларды күту туралы мәлімет беру арқылы, кірпіштерді көлеміне қарай орналастыра білуге үйрету. Жаратылыстану. Тақырыбы: Үй жануарлары. Түйе, ешкі. Мақсаты:Үй жануарлары түйе, сиыр,ешкі,жылқы, есек туралы түсініктерін кеңейте отырып, түйемен таныстыру,олардың тіршілік әрекеті туралы ұғымдарын кеңейту.Жан уарлардың тіршілігі адамның қамқорлығына, күтіміне зәру екендігі туралы ұғымды қалыптастыра отырып дамыту.Балалар ды жануарларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу</p>	<p>Мақсаты: Үй жануарларымен таныстыруды одан әрі жалғастыру. Балаларға ақ түсті майлық қағазды қолдана білуге үйрету. Жұлмалау,орау әдіс-тәсілдерін меңгерту. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу. Мүсіндеу. Тақырыбы: Ит-адамның досы Мақсаты: Балаларға үй жануарлары туралы түсінік бере отырып, олардың адам өміріндегі рөлі туралы мағлұмат беру. Ит туралы түсінік бере отырып, ермексаздан итті мүсіндеуге үйрету. Басы, денесі, аяқтарын мүсіндеп, біріктіру. Тазалыққа баулу.</p> <p>Музыка. Маман жоспары бойынша Музыка. Маман жоспары бойынша</p>	<p>дамыту, өзара сыйластыққа тәрбиелеу. Дәйексөз. Сергіту сәті. Ойын. «Достық неден басталды, достыққа не жарасады?» Дәптермен жұмыс. Тыныштық сәті. Шығармашылық ұжымдық жұмыс. «Достық шеңбері» Ғажайып сөздер. Қортындылау. Жүректен жүрекке.</p>
---	---	--	--	---

Өтпелі тақырып : «Табиғат әлемі» (Қараша III апта.)

Апта тақырыбы:Жабайы жануарлар әлемі. Жануарлар қысқа қалай дайындалады?

Әр түрлі

мезгілдегі тіршілік кезеңі.

Мақсаты: Әр аңның атын, балаларын ажыратып дұрыс атауға, жаттықтыру және олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту. Жабайы аңдардың жыл мезгілдеріне қарай тіршілік сипатының өзгеруі туралы білімді нақтылау, балалардың ой – өрісін дамыту. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Жыл мезгілдеріне қарай жануарлардың тіршілік сипатының өзгеруі туралы білімді нақтылау.

<p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ұқсасын тап» Мақсаты:Жүру барысында жұптасып,қайта сапқа тұру.Конькиші жүрісін имитациялау.Адымдап жүру.1,5-2 мин.Жұптасып түрлі (баяу, тез, орта)жылдамдықпен тоқтамай жүгіруге жаттықтыру. Негізгі қимылдар : 1.Жүгіріп келіп, жылдамдыққа секіру. (биіктігі 30-40 см.) 2.Сақина лақтырып, таяққа тигізу. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ұқсасын тап» Мақсаты:Зал бойы аяқтың ұшымен,өкшемен жүру,сапқа тұру, бір саптан үш сапқа тұру,қолды алға созып сап түзеу, шашырап ирелендеп, белгі бойынша бастаушыны ауыстыра жүгіруге жаттықтыру. Негізгі қимылдар : 1.Тепе-теңдік сақтап,бір жағы көтеріңкі гимнастикалық тақтай үстімен аяқты –аяққа тақап қойып жүру. 2.Допты бір-біріне қос қолымен лақтыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: « » Мақсаты:Теледидиар, телефон,газет-журналдың</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: У дыбысы мен әрпі. Мақсаты: У дыбысы және әрпімен таныстыру. Сөз, сөйлем сызбасын оқу. Жазу жолын жол аралық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап әріп элементтерін жазу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Ш дыбысы мен әрпі Мақсаты: Ш дыбысы және әрпімен таныстыру. Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санның және орналасу ретін анықтау. Ш дыбысы дауыссыз дыбыс екенің түсіндіру. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Түлкі мен қоян» ертегі. Мақсаты:Орманда мекендейтін жануарлар туралы әңгімелеу. (тиін,қасқыр,түлкі,қоян т.б) Ертегі мазмұнын айтуға, дыбыстық талдау жасауға үйрету, ауыз екі сөйлеулерін дамыту, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту;сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту.балаларды батырлыққа,өжеттілікке тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы:«Ақымақ қасқыр» Мақсаты:Балаларға ертегіні тыңдата отырып мазмұнын түсіндіру. Ертегіні тыңдай білуге, өз түсінігін жүйелі айта білуге баулу. Ертегідегі жағымсыз кейіпкердің бейнесін сурет арқылы көрсете отырып, қасқырды-ақымақ,</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы:Дөңгелек және сопақша. Мақсаты:Геометриялық пішіндерді ажырата білуге, оларға ұқсас заттарды таба білуге, пішіні ұқсас заттарды топтай білуге, пішіндерден бейне құрастыра білуге, түстерін айта білуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: Жануарлар қалай қыстап шығады? Мақсаты:Жыл мезгілінің ауысуына қарай жануарлардың дайындығын түсіндіру; жыл мезгілінің ауысуына жануарлар қалай дайындалатынын түсіндіру, кейбір жануарлар қыста неге ұйқыға кетеді, құстардың күзде оңтүстікке ұшып кетуі, ал жануарлардың кейбіреулері қысқа азық қорын дайындауы сияқты түсініктерді қалыптастыру; зерттеу дағдыларын белсендендіру,</p>	<p>Мүсіндеу. Тақырыбы: Тиін жаңғақ кеміреді. Мақсаты:Тиін,тиіннің тіршілігі туралы түсінік беру,тиіннің мүсінін жасай білуге, дене бөліктерін біріктіріп қосу,шымшып қысу, дөңес тәсілдерін үйрету, саусақ моторикасын жақсарту. Ұқыпты жұмыс істеуге, тазалыққа тәрбиелеу. Сурет салу Тақырыбы: Түлкі Мақсаты: Қарапайым қимыл мен дене тұрқын бейнелеу арқылы жануарлардың суретіне мәнерлілік бере білуді және түрлі сызықтар, бастырып салу, қарайту, қатты қылқаламмен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру. Түлкі суретін алуға үйрету. Ұқыптылыққа баулу Жапсыру Тақырыбы: Түлкі Мақсаты:Балаларға жабайы жануарлар туралы мәлімет бере отырып, түлкі бейнесін түрлі түсті қағаздарды пайдалану арқылы жапсыра білуге үйрету. Ұқыптылыққа баулу. Жануарларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Музыка Маман жоспары бойынша</p>	<p>Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Отбасылық мерекелер» Мақсаты: Отбасы құндылығы туралы түсініктерін кеңейте отырып, отбасылық мерекелер туралы түсіндіру.Жаңа жыл мерекесі отбасылық мерекелердің бірі екенін білдіру.Адамдар бір-біріне бақыт, денсаулық, сүйіспеншілік тілейтінін, жаңа жыл күні тілеген тілектері мен ой армандары орындалатынын әңгімелеу.Қуанышты көңіл күй сыйлау дағдыларын қалыптастыру.Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы:«Жабайы жануарлар» Мақсаты:Жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту, тереңдету. Олардың түрлерін бір – бірінен ажыратуға дене мүшелерін дұрыс айта білуге үйрету. Жұмбақтар шешу арқылы ойлау, қиялдау қабілеттерін арттыру. Бұғы мүйізінің пайдасы туралы айту сөздік қорын жетілдіру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Аңдарды қроға тәрбиелеу.</p>
---	---	---	--	---

<p>көрнекіліктерін көрсетіп балаларға қазіргі заманға байланысты құралдарына жеке-жеке тоқталып, түсінік беру.Саптізбекпен жүргізіп Қатарға тұрғызу.,жалпы дамыту жаттығуларын орындау.</p> <p>Негізгі қимылдар :</p> <p>1.Аркаға дорбаны іліп алып, гимнастикалық орындық стімен еңбектеу</p> <p>2.Допты бір-біріне қос қолымен басынан асыра лақтыру.</p>	<p>ал қой, ешкінің үй жануары екенін айтып дүниетанымын кеңейту. Ойын арқылы ойлау, зейінін дамыту. Көркем әдебиетке деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Орыс тілі</p> <p>Маман жоспары бойынша</p>		<p>Музыка</p> <p>Маман жоспары бойынша</p>	
--	---	--	---	--

Өтпелі тақырып : «Табиғат әлемі» (Қараша IVапта.)

Апта тақырыбы: Су қойма мекендеушілері

Мақсаты: Балаларға су туралы түсінік беру және судың қажеттілігін, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы туралы түсіндіру. Судың табиғатта баға жетпес сыйы екенін айту, түсініктерін қалыптастырып дамыту. Су қойма мекендеушілерінің сан алуандығы, олардың тіршілігі туралы түсінік беру. Қоршаған ортаны қорғауға, суды ластамауға, суды үнемдей білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

<p>Дене шынықтыру</p> <p>Тақырыбы: «Сылдырлайды мөлдір су»</p> <p>Мақсаты:Табиғат аясына балаларды серуенге шығару.денені түзу ұстап,</p>	<p>Сауат ашу негіздері</p> <p>Тақырыбы: Ш дыбысы мен әрпі</p> <p>Мақсаты:Ш дыбысы және әрпімен таныстыру. Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын</p>	<p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Қазақстанның өзен-көлін мекендейтін балықтар»</p> <p>Мақсаты:Қазақстан өзен-көлдерін мекендейтін балық түрлерімен таныстыру. Балықтың құрылысы,</p>	<p>Мүсіндеу</p> <p>Тақырыбы: Қолтырауын</p> <p>Мақсаты: Балаларға су қойма мекендеушілері туралы түсінік бере отырып, қолтырауын бейнесін ермексаздан жасауға</p>	<p>Өзін-өзі тану</p> <p>Тақырыбы: «Отбасындағы қуаныш »</p> <p>Мақсаты: Бақыт, қуаныш құндылықтарының мәнін түсіндіру.Отбасында үйлесімді</p>
--	--	---	--	--

<p>еркін жүру, жүгіру;үш қатар сап құрып,қолда алға соза сап түзеу;жыланша ирелеңдеп бағдарсы жүру; орта қарқында (30сек)белгі бойынша жүру, жүруді жүгірумен алмастыруды жаттықтыру.Көтеріңкі қойылған заттың үстімен жүруді, шахмат тәрізді қойылып, заттар үстінен қос аяқпен секіруді,допты қос қолмен себетке лақтыруды үйрету. Ептілік қимыл белсенділігін дамыту.</p> <p>Негізгі қимылдар :</p> <p>1.Көтеріңкі қойылған заттың үстімен жүру.</p> <p>2.Шахмат тәрізді қойылып, заттар үстінен қос аяқтап секіру.</p> <p>2.Дене шынықтыру</p> <p>Тақырыбы: «Сылдырлайды мөлдір су »</p> <p>Мақсаты:3 метр жерге дейін көзді жұмып, жүруге,қолды жан-жаққа соза шеңбер құрып тұруға;ұзын «жыланша» ирелеңдеп жүруге,белгі бойынша жартылай отыру,тез тұрып, жүгіруді жалғастыруға жаттықтыру,музыкаға сәйкес бейнелі қимылдарды жасап көрсетуді үйрету.Су тураы санамақтарды айтқызу.</p> <p>Негізгі қимылдар :</p> <p>1.Оң және сол аяқты кезектестіре секіру.</p> <p>2.Тізерлеп тұрып допты бір-біріне қос қолмен басынан асыра лақтыру.</p> <p>Қауіпсіз мінез құлық негіздері</p> <p>Тақырыбы: Судың, тазасы,дерттің қазасы.</p> <p>Мақсаты: Судың адам</p>	<p>санның және орналасу ретін анықтау. Ш дыбысы дауыссыз дыбыс екенің түсіндіру.</p> <p>Сауат ашу негіздері</p> <p>Тақырыбы: Дыбыстық талдау.</p> <p>Мақсаты: Дыбыстық құрылымы әр түрлі үш-төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауға,дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету,сөздердегі дауысты және дауыссыз дыбыстар ды ажырата білуді дамыту.</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: «Қысқа дайындық» (ертегі)</p> <p>Мақсаты:Балалар қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу. Жылдың төрт мезгілі туралы түсінік беру.Қыс мезгіліндегі табиғатта болатын ерекшеліктер туралы түсіндіре отырып,адамның қысқы еңбегі жайлы білімдерін толықтыру.</p> <p>Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы:«Алтын балық» (ертегіні оқу, талдау)</p> <p>Мақсаты: Балалардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениеті мен ой - өрісін, дүниетанымын жетілдіру. Балаларды адамгершілікке баулу, ойын нақты тапқыр сөйлеуге, ақылды, салмақты ой айтуға баулу. Баланың қиялын есте сақтауын шығармашылық қабілетін дамыту, ойдан әңгіме, ертегі шығарып</p> <p>Орыс тілі</p> <p>Маман жосары бойынша</p>	<p>оның тіршілігі туралы білім беру. Балаларды туған жерінің құндылығымен таныстыруды жалғастыру. Балықтар туралы білімдерін әрі қарай дамыту. Табиғатты сүюге, қорғауға, судың адам өміріндегі маңыздылығын түсінуге тәрбиелеу.</p> <p>Математика негіздері</p> <p>Тақырыбы: Шар, текше, цилиндр.</p> <p>Мақсаты: Балаларға Текше, шар, цилиндр туралы түсінік беру. Ойлау қабілеттерін жетілдіру. Фигуралар туралы алған білімдерін бекіту. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.</p> <p>Құрастыру</p> <p>Тақырыбы: «Су асты әлемі»</p> <p>Мақсаты: Су асты әлемі туралы білімдерін тереңдету. Балықтар жайлы мағлұмат беру. Балықтар, сегізаяқ, тасбақа бейнесін қиып, су асты әлемін құрастыруда ұқыпты жұмыс істеу іскерліктерін қдамыту. Жұмысты бірлесіп істеуге, бір-біріне көмектесуге, ұқыптылыққа баулу. Су асты әлемінің тіршілік иелеріне сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.</p>	<p>үйрету. Ермексазды, ширату, есу тәсілдерін пайдалану. Тіршілік иелерін қамқорлауға үйретуайтуға дағдыландыру. Баланың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ес - кере отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым - қатынас мәдениетін қалыптастыру.</p> <p>Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: Балықтар</p> <p>Мақсаты: Балаларға балықтар туралы мәлімет бере отырып, олардың алуан түрлілігіне назар аударту. Су астындағы балық бейнесін салып, ұқыпты бояй білуге үйрету.</p> <p>Жапсыру</p> <p>Тақырыбы: Көлшікте</p> <p>Мақсаты: Балаларға су қоймалары, су қоймаларының мекендеушілері туралы түсіндіре отырып, көл бетіндегі тіршілік иелерін, көлшікті жапсыра білуге үйрету. Ұқыптылық қа баулу.</p> <p>Музыка</p> <p>Маман жоспары бойынша</p> <p>Музыка</p> <p>Маман жоспары бойынша</p>	<p>қарым қатынас жасауға, оларды жақсы көруге, сыйлауға, құрметтеуге, оларға көмектесуге үйрету. Отбасы мүшелеріне қамқорлық, жанашыр сезімдерін дамыту. Отбасындағы өзара сыйластыққа тәрбиелеу.</p> <p>Әңгімелесу. Дәйексөз. Ойын.</p> <p>«Менің досым»</p> <p>Дәптермен жұмыс. Ғажайып сөздер.</p> <p>Сергіту сәті. Тыныштық сәті. Қортындылау.</p> <p>Жүректен жүрекке.</p> <p>«Табиғат және адам»</p> <p>Мақсаты: Табиғат пен адамның үйлесімділігі туралы түсініктерін бекіту. Табиғат-барлық адамның ортақ үйі, табиғаттың қуаныш сыйлайтынын, біз табиғатқа қамқор болатынымыз туралы үйрету. Табиғатқа деген қамқор қарым-қатынас дағдысын дамыту. Тазылыққа, ізгілікке тәрбиелеу.</p>
--	---	--	---	---

<p>өміріндегі маңыздылығын түсіндіру. Сабақтың міндеттері: - Суды үнемдеуге баулу. - Судың табиғаттағы орнын түсіндіре отырып, табиғатты сүюге, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p>				
--	--	--	--	--

Өтпелі тақырып : «Менің Қазақстаным» (Желтоқсан I апта.)

Апта тақырыбы:Елін сүйген-елбасы

Мақсаты: Балалар бойында Отанға деген сүйіспеншілікті, өз халқының, елінің тарихына терең бойлай отырып, дүниетанымын кеңейту. Қоғамға дұрыс көзқарасын қалыптастырып, сыншыл көзқарас жетілдіру. Тарихты зерттей алу қасиеттерін ашу. Қазақстан Республикасы туралы ойларын қалыптастыру, Елорда Астана оның көрікті жерлері жайлы білімдерін кеңейту, қаланың тарихын білу, қала туралы білімдерін тиянақтау, тіл байлығын, ой өрісін, грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге, елімізді, қаламызды сүюге баулу, қаланың көрікті жерлері мен тарихи ескерткіштерін аялауға, мақтаныш тұту. Баланың ізгілік қасиетін дамыту. Ойын арқылы балалардың ой - өрісін, қимылын ұштау. Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, өз елін, отанын сүйетін патриот болуға тәрбиелеу.

<p align="center">«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-2,5 Қауіпсіз мінез-құлық негіздері-0,5</p>	<p align="center">«Қатынас»-5 Сауат ашу негіздері-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -1 Орыс тілі-1</p>	<p align="center">«Таным»-2,5 Математика негіздері -1 Жаратылыстану-1 Құрастыру-0,5</p>	<p align="center">«Шығармашылық»-5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-1 Жапсыру1 Музыка -2</p>	<p align="center">«Әлеумет»-1,5 Өзін өзі тану-1 Қоршаған ортамен танысу-0,5</p>
--	--	--	--	--

<p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы:Киімдер Мақсаты: Жіпті екі қолға кезек-кезек ауыстыра ұстап, кең адыммен жүруге жаттықтыру.Жүру барысында сапқа тұру,2-3 сап құрып тұру:аяқты түзу алға сермей, кең адыммен жүгіру, кеңістікті бағдарлай білуге</p> <p>Негізгі қимылдар: 1.Аяқты түзу алға сермей, кең адыммен жүгіру, жеңіл жүгіру. 2.Жеңіл секіру аяқ ұшымен.</p> <p>2.Дене шынықтыру Тақырыбы: Мақсаты: Дене сымбаттылығын қалыптастыру мақсатында жұмыс жасау.еденде созылып жатқан арқан үстімен бір қарқынмен(өкше арқан үстінде, аяқ ұшы еденде)жүруді үйрету.Қолды жоғары шетіне тигізбей, оң және сол жақ бүйірімен шығыршықтан.</p> <p>Негізгі қимылдар: 1.Қолды жоғары шетіне тигізбей, оң және сол жақ бүйірімен шығыршықтан өту. 2.Адымдап жүру.</p> <p>3.Дене шынықтыру Тақырыбы: Мақсаты:Жыл мезгіліндегі киімдерді ойша киіп іс-қимыл жасау.Жылдам қимылдауға үйрету.Музыкаға сәйкес</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: С дыбысы мен әрпі Мақсаты: С дыбысы және әрпімен таныстыру. Сөзді буынға бөлу. Сөздегі буын саның және орналасу ретін анықтау. Сөз, сөйлем сызбасын құру. Жазу жолын жол аралық, кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элемент терін жазу.</p> <p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Ы дыбысы мен әрпі Мақсаты: Ы дыбысы және әрпімен таныстыру. Жаңа ы дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру.Сөз/сөйлем сызбасын құру және оқу. Берілген суреттерден ақпаратты табу. Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін дыбыстау.</p> <p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ұлы Отаным»(өлең) Мақсаты:Туған елге мақтаныш сезімдерін тәрбиелеу. Тәуелсіздік күні туралы түсінік беру. Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.Тәуелсіз болу-өз еркімен өмір сүру деген сөзі айтып түсіндіру. Қазақстандық әр азаматтың ұнаған мектепте, жоғарғы оқу орнында білім алуға, қалаған мамандығын таңдауға,сүйікті ісімен айналысуға, ауырып қалса емделуге, демалуға, спортпен айналысуға және де басқа да көптеген нәрсені өздері тағдап алуға құқығы бар екендігі ұғындыру. Қазақстан көп ұлтты мемлекет екендігі,елімізде 16-17 желтоқсан –Тәуелсіз күні болып белгіленгені туралы мәлімет беру. Ермек Өтетілеуұлы «Отан» өлеңін оқып түсіндіру. өлең жолдарын орынды қолданып,мәнерлеп оқу тәсілдерін меңгерту.</p> <p>Көркем әдебиет</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: Үсті-асты.Ішінде-сыртында.Алдында-артында.Оң жақ-сол жақ. Мақсаты: Балаларды кеңістік ұғымымен таныстыру.Заттардың өзара орналасуын орнын ажырата білуге үйрету. Балалардың кеңістік туралы түсініктерін дамыту (солға, оңға, астында, үстінде, маңында және т.б. сөздерді пайдалануға үйрету. Анықтау арқылы салыстыра білу, ұғымдарды саналы меңгерту. Танымдық әрекетін жетілдіру. Ойын тілін дамыту.</p> <p>Жаратылыстану «Астана-махаббатым менің» Мақсаты:Астана қаласының тарихы туралы түсінік беру.Үлкенді сыйлау, Отанды сүю, Елжандылыққа тәрбиелеу.Көркем,мәнді сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>Жапсыру Тақырыбы:Қазақ кыздарының ұлттық киімі. Мақсаты: Балаларға Қазақ халқының тарихы туралы сыр шерте отырып, олардың байырғы тұрмыс-салтымен таныстыру. Ұлттық киімдерін ұқыпты жапсыра білуге үйрету.</p> <p>Мүсіндеу Тақырыбы:Тостаған. Мақсаты: Балаларға қазақ халқының тарихы, әдет-ғұрпы мен салт дәстүрі туралы мәлімет бере отырып, халық өнерінің сарыны бойынша өрнек жасауды үйрету. Өрнек салудың симметрия ырғақ, кезіктіру,ою пішіндерінің орналасуы арқылы заттың пішінін көрсету, сәндік құрастыру икемділіктерін дамыту.Эстетикалық тәрбие беру.</p> <p>Сурет салу Тақырыбы: Бәйтерек Мақсаты: Балаларға бәйтерек туралы мағлұмат беру. Оның шығу тарихына тоқтала отырып, балаларға өз еліміз, өз тарихымыз туралы айтып өту. Бас қаламыздың көрікті өзіндік тарихы бар Бәйтерек кешенінің суретін салуға үйрету.</p> <p>Музыка Маман жоспары бойынша Музыка Маман жоспары бойынша</p>	<p>Өзін өзі тану Тақырыбы: «Достық неден басталады?» Мақсаты: «Дос», «Достық» құндылығы туралы түсінік беру.Достарға деген мейірімді қарым-қатынасқа үйрету.Достаса білуге тәрбиелеу. Достық неден басталатынын түсіндіру.</p> <p>Қоршаға ортамен танысу</p> <p>Тақырыбы: «Қызыл кітап» жануарды қалай қорғайды.</p> <p>Мақсаты:Қызыл кітап туралы алғашқы ұғымдарын қалыптастыру.Қызыл кітапқа енген құлан жануарларының жылқы жануарына ұқсас белгілерімен ерекшелігін айту.Жабайы жануарларға деген қамқорлығын ояту.</p>
--	--	---	--	--

<p>қимылдар жасау. Негізгі қимылдар: 1.Аяқты түзу алға сермей,кең адыммен жүгіру, жеңіл жүгіру. 2.Жеңіл секіру аяқ ұшыммен.</p>	<p>Тақырыбы: «Мен Қазақстан азаматымын» (әңгіме) Мақсаты:Балалардың Қазақстан Республикасы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының рәміздерін, тұңғыш президентін, мемлекеттік тіл туралы білімдерін бекіту. Қазақстан азаматы болу үшін қажетті құжаттардың болуы керектігін түсіндіру. Қазақтан азаматын басқа республика азаматтарынан ажырата білуге үйрету. Мақал – мәтелдердің астарлы мағынасын түсіне білу қабілеттерін дамыту. Ел азаматы атағына лайықты, елінің патриоты болуға тәрбиелеу. Орыс тілі Маман жоспары бойынша</p>			
---	--	--	--	--

Өтпелі тақырып : «Менің Қазақстаным» (Желтоқсан II апта.)

Апта тақырыбы: «Менің туған өлкем»

Мақсаты: Туған өлке туралы түсінік беру. Өз туған өлкемізді танып білуге, жақсы көруге, өз еліне, туған өлкеге деген сүйіспеншіліктерін, патриоттық сезімге тәрбиелеу.Отбасында туған жерге деген сүйіспеншілігі сезімін ,ақыл-ойын ,есте сақтау қабілетін дамыту.

Туған жердің табиғатын сүйеге,адамгершілікке,отанға деген сүйіспеншілігін арттырып тәрбиелеу.

<p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің Қазақстаным» Мақсаты:Жүруді жүгірумен алмастыру;бір қатар саптан бірнеше қатар сапқа тұру;қолды созу арқылы арақашықтықты сақтау, екі шеңбер бойы, аяқтың ұшымен бір-біріне карама-қарсы жеңіл жүгіру. Допты қос қолдап алға қарай алып жүруге;арқан баспалдақпен түрлі тәсілдермен өрмелеуге. Негізгі қимылдар: 1.Екі шеңбер бойы, аяқтың ұшымен бір-біріне карама-қарсы жеңіл жүгіру. 2.Жүгіріп келіп биіктіктегі затқа қолды жеткізе секіру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: Мақсаты: Жүгіру барысында бір саптан 3 қатар сапқа тұруды; Тәрбиешінің белгісі бойынша қолды түрлі қалыпта ұстап жүруды, басқа қимыл түрлерімен алмастыра жүгіру (секіру, жүрелей отыру, тоқтау т.б) үйрету. Негізгі қимылдар: 1.Басқа дорбаша қойып гимнастикалық орындық үстімен жүру. 2.Ұзын секіртпеден қос аяқтап секіру. Қауіпсіз мінез құлық негіздері Тақырыбы: Біз- Қазақстан Республикасының салауатты азаматтарымыз. Мақсаты: Ай, апта күндері туралы сұрай отырып, желтоқсан айындағы мереке</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Д дыбысы мен әрпі Мақсаты: Д дыбысы және әрпімен таныстыру. Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау. Сұрақтарға жауап беріп берілген сурет бойынша әңгіме құрастыру. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Д дыбысы мен әрпі Мақсаты: Д дыбысы және әрпімен таныстыру. Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау. Сұрақтарға жауап беріп берілген сурет бойынша әңгіме құрастыру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Тәуелсіз Қазақстан» Мақсаты:Балаларды Отан сүйюге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, еліне, туған жерге деген сүйспеншіліктерін арттыру мақсатында олардың сөздік қорларын көбейтіп, коммуникативтік қызығушылықтарын арттыру Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Қазақстан – менің туған өлкем» Мақсаты: Қазақстан Республикасы туралы білімдерін одан әрі жалғастыру. Өз туған өлкемізді танып білуге, жақсы көруге, өз еліне, туған өлкеге деген сүйіспеншіліктерін, патриоттық сезімге тәрбиелеу.Балаларды туған өлкесі Қазақстанның табиғатының сұлулы ғымен таныстыру. тәрбиелеу. Орыс тілі Маман жоспары бойынша</p>	<p>Математика негіздері. Тақырыбы: Қағаз бетінде бағдарлау. Мақсаты: Арнайы құрылған кеңістік жағдайларында бағдарлауға және қойылған шарт бойынша өз орнын анықтауға үйрету. Саусақ қимылдарын дамыту. Балалардың зейінін, сөйлеу және дәптерде бағдарлау қабілетін дамыту; Жинақылыққа тәрбиелеу Жаратылыстану Тақырыбы:«Менің Отаным - Қазақстан» Мақсаты:Отан деген сөздің мағынасын түсіндіру. өзінің Отаны туралы әңгімелеп айтуға үйрету, зейіндерін дамыту. Туған жерін сүйюге тәрбиелеу.әсемдікке, әдемілікке, қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу; Құрастыру Тақырыбы: «Кітапша» Мақсаты: кітап туралы білімдерін бекіту,кітаптың пайдасы туралы айту. Кітапша құрастыруда пішінді дұрыс таңдауға үйрету,қағазды қос бүктеу арқылы кітапша жасай білуге үйрету,ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Мүсіндеу. Тақырыбы: Оюлы сырмақ. Мақсаты: Ермексазбен жұмыс істеудің қарапайым тәсілдерін пайдаланып, мүсіндеу. Сырмақтағы өрнектің туындау тарихы, ою-өрнектің негізгі элементтері, сырмақтағы әртүрлі өрнектер туралы және олардың түстері туралы түсіндіру. Тазалыққа баулу. Ұқыптылыққа үйрету. Сурет салу Тақырыбы: Менің қалам. Мақсаты: Балаларға өздерінің сүйікті қаласы Атырау туралы мәлімет бере отырып, өзінің сүйікті ғимаратын салуға үйрету. Өз беттерінше жұмыс жасауға дағдыландыру. Ұқыптылыққа баулу. Жапсыру Тақырыбы: Жаңа үйлер. Мақсаты: Балаларға туған жер, туған өлке ұғымын түсіндіру. Өз туған қалалары туралы м әлімет бере отырып, көп қабатты үйді жапсыра білуге үйрету. Ұқыптылыққа, эстетикалық талғамға тәрбиелеу. Музыка Маман жоспары бойынша</p>	<p>Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Адал дос» Мақсаты: «Адалдық», «адал дос» туралы түсініктерін кеңейту.Адалдық қасиеттерін дамыту.Адал дос болуға тәрбиелеу.Адал дос сөзінің мән-мағынасын түсіндіру.</p>
---	---	---	---	--

<p>ҚР-ның тәуелсізді күнімен таныстыру. ҚР-ның әнұранын айтқызу және қолды қайда қойғанын сұрай отырып, адам ағзасының маңызды мүшесі жүрекпен таныстыру, оның қызметі туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>Дүниетанымын кеңейту, айналаға сүйіспеншілікпен карауға дағдыландыру. Өзінің және жақын адамдарының денсаулығына құндылық тұрғысынан карауға тәрбиелеу.</p>				
--	--	--	--	--

Өтпелі тақырып : «Менің Қазақстаным» (Желтоқсан ІІІ апта.)

Апта тақырыбы: «Тәуелсіз Қазақстан»

Мақсаты: Балаларды отаншылдыққа, туған жерін сүйуге, мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге, мемлекеттік тілін құрметтеуге, өз елінің тарихын сыйлауға үйрету, балаларды патриоттық рухта тәрбиелеу. Балаларға тәуелсіздік күні туралы толық мәлімет беру.

Ұлттық тілді жақсы меңгеруге, ұлтжандылық сезімді қалыптастыру. Отанды сүйуге, батылдыққа тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін ояту.

<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қыс қызығы» Мақсаты:Бастаушаны ауыстыра отырып қарқынды өзгерте оңға, солға жүгіру;бір қатардан екі қатарға тұру, қайта кері тұру.Өкшеден аяқтың ұшына ауыса, баяу белгі бойынша секіре бұрылып жүгіруге, табиғат құбылыстарын би қимылдарымен орындауға жаттықтыру. Негізгі қимылдар: 1.Тізерлеп тұрып, допты бір-біріне қос қолмен басынан асыра лақтыру.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: М дыбысы мен әрпі Мақсаты: М дыбысы және әрпімен таныстыру. С өз, сөйлем сызбасын оқу. Берілген мысалдар арқылы М дыбысын ажыратады, М әрпінің баспа түрін табады. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: М дыбысы мен әрпі Мақсаты: М дыбысы және әрпімен таныстыру. С өз, сөйлем сызбасын оқу. Берілген мысалдар арқылы М дыбысын ажыратады, М әрпінің баспа түрін табады. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті,</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Тәуелсіздік тұғырым» Мақсаты:Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы түсінік беру. Тәуелсіздік оңай жолмен келмегені туралы мағұдмат беру.Өз еліне деген патриоттық сезімдерін ояту. Математика анегіздері Тақырыбы:Кеше,бүгін,ертең,бүрсігүні. Таңертең,күндіз,кеш,түн. Мақсаты: Балаларға өз еркімен орындайтын тапсырма беріп, өткен сабақтарда танысқан сандарға талдау жасату. Таңертен, күндіз, кеш, түн, бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні күндерге</p>	<p>Жапсыру Тақырыбы: Сәукеле. Мақсаты: Қазақтың ұлттық бас киімі атауларын ажыратуға үйрету, ұлттық өнерімен таныстыру. Сәукелені өрнектермен әшекейлеуді үйрету. Тілдерін дамыту. Саусақтың бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын қалып тастыру. Қазақтың өнеріне қызығушылығын тудыру. Отанға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: Қуаныш</p>	<p>Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Достық бірлікте» Мақсаты: «Достық», «бірлік» құндылықтарын мәнін түсінуге ықпал ету.Қамқорлық, бірлік туралы түсініктерін кеңейту.Достық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.Айнала қоршаған ортаға мейірімді болуға тәрбиелеу. Қоршаған орта мен танысу Тақырыбы: Мақсаты: Үй жануарларын (қой,ешкі,жылқы, сиыр,есек,ит,шошқа, мысық) күту туралы түсінік бере отырып,ауылшаруашылығының,маңызы мен пайдасы туралы түсінік беру; жануарлардың адам</p>
---	--	---	---	---

<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қыс қызығы» Мақсаты: Бір қатар сапқа тұру, 1-2-3 реттік санау, аяқты аяққа қойып түзелу (реттік сан бойынша); 4 метр қашықтықты көзді жұмып өту. Музыкалық белгі бойынша қимыл бағытын өзгерте жүгіру. Қос аяқтап алға қарай жылжи секіру. Түрлі жүрулер: байсалды адымдап, аяқтан аяққа ауыса секіре, маршпен жүруге жаттықтыру. Тірі табиғат туралы айту, түсіндіру.</p> <p>Негізгі қимылдар: 1. Қос аяқтап аяқтың оң бүйірімен, одан соң 180 градусқа бұрылып, сол бүйірімен секіру.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қыс қызығы» Мақсаты: Қос аяқтап алға қарай жылжи секіру. Түрлі жүрулер: байсалды адымдап, аяқтан аяққа ауыса секіре, маршпен жүруге жаттықтыру. Тірі табиғат туралы айту, түсіндіру. Табиғат құбылыстарын би қимылдарымен орындауға жаттықтыру.</p> <p>Негізгі қимылдар: 1. Қолды ауыстыра отырып, гимнастикалық орындық үстімен допты домалату.</p>	<p>жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.</p> <p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қалсын апам қуанып» (өлең) Мақсаты: Бала бойында адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру мақсатында білімге деген қызығушылығын артыру. Балалардың сөйлеу мәнері, ән- би арқылы ой- өрісін дамыту, үлкенді құрметтеуге, ата-ананы сыйлауға, өнерді дәріптеуге тәрбиелеу.</p> <p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Кім күшті» ертегісі (мазмұнын оқу) Балалардың зейінін аударып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру. оның мазмұны, мағнасын түсініп, өз ойымен жеткізе білуге үйрету. Ойын қиялын ұштастыра білуге кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге үйрету.</p> <p>Орыс тілі Маман жоспары бойынша</p>	<p>түсінік беру. Балалардың зейінін, сөйлеу және дәптерде бағдарлау қабілетін дамыту.</p>	<p>мысықпен ойнап жүр. Мақсаты: Балалардың ермексаздан ширату әдісін жетілдіру. Алақан арасында конус және цилиндр тәрізді пішіндерді есу, домалақтау, созу сияқты әдіс-тәсілдерін үйрету.</p> <p>Сурет салу Тақырыбы: Менің Отаным-Қазақстан Мақсаты: Табиғаттың, өмір құбылыстарының қарапайым көріністерін суретте бейнелей білуді үйрету. Сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Отанын, туған елін сүйуге тәрбиелеу.</p> <p>Музыка Маман жоспары бойынша</p> <p>Музыка Маман жоспары бойынша</p>	<p>өміріндегі маңызын түсіндіру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, танымдық қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қыс қызығы» Мақсаты: Бір қатар сапқа тұру, 1-2-3 реттік санау, аяқты аяққа қойып түзелу (реттік сан бойынша); 4 метр қашықтықты көзді жұмып өту. Музыкалық белгі бойынша қимыл бағытын өзгерте жүгіру. Қос аяқтап алға қарай жылжи секіру. Түрлі жүрулер: байсалды адымдап, аяқтан аяққа ауыса секіре, маршпен жүруге жаттықтыру. Тірі табиғат туралы айту, түсіндіру.</p> <p>Негізгі қимылдар: 1. Қос аяқтап аяқтың оң бүйірімен, одан соң 180 градусқа бұрылып, сол бүйірімен секіру.</p> <p>Мүсіндеу Тақырыбы: Қуаныш мысықпен ойнап жүр. Мақсаты: Балалардың ермексаздан ширату әдісін жетілдіру. Алақан арасында конус және цилиндр тәрізді пішіндерді есу, домалақтау, созу сияқты әдіс-тәсілдерін үйрету.</p>
--	---	---	---	---

Өтпелі тақырып : «Менің Қазақстаным» (Желтоқсан IV апта.)

Апта тақырыбы: «Қош келдің, жаңа жыл!»

Мақсаты: Қыс туралы түсінік беру. Сурет бойынша әңгіме құруға үйртуді жалғастыру. Балалардың айтылған ойды тыңдауға, әңгімеге араласып, сұрауға және сұраққа жауап беру білігін дамыту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер қыс, мезгілінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту. Қыс мезгіліндегі ауа райының жағдайларын бақылау және бақылаулардың нәтижелерін табиғат күнтізбесіне белгілеу дағдыларын жетілдіру.

<p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Шырша шамдары» Мақсаты:Тізбекте бір бірден жүру.Өздігінен 1-2 шеңберге тұру.Тізені бүге,жартылай отырып жүру.Тапсырмаларды орындай, «жыланша» ирелендеп заттардың арасымен жүгіру.Музыка ырғағына сәйкес өздігінен мерекелік билердің қарапайым қимылдарын орындауға Негізгі қимылдар: 1.Тақтай үстімен қырынан жүру кезінде денені дұрыс ұстап, тепе-теңдік сақтау. 2.Биіктіктен секіру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Шырша шамдары» Мақсаты:Тізені бүкпей, аяқты түзу, нық басып жүру. «Жыланша» ирелендеп жүгіру.Жұптасып тұру, қайта сапқа тұру.Жай жүгіруден жүруге ауысу.Гимнастикалық тақтай үстімен қырынан жүру кезінде денені дұрыс ұстап,тепе-теңдік сақтау, баяу жүгіруді Негізгі қимылдар: 1.Шектеулі зат үстімен (тақтай үстімен) адымдап, аяқтың ұшымен жүру. 2.Арақашықтығы 40 см шығыршықтан келесі 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: Мақсаты:Музыка ырғағына сәйкес өздігінен мерекелік билердің қарапайым қимылдарын орындауға жаттықтыру.Гимнастикалық</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Қ дыбысы мен әрпі Мақсаты: Қ дыбысы және әрпімен таныстыру. Суреттер бойынша тапсырмадағы сұрақтарға жауап беріп, әңгіме құрастыру.Жазу жолына Қ әрпінің элементтерін жазу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Қ дыбысы мен әрпі Мақсаты: Қ дыбысы және әрпімен таныстыру. Суреттер бойынша тапсырмадағы сұрақтарға жауап беріп, әңгіме құрастыру.Жазу жолына Қ әрпінің элементтерін жазу. Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы:Қыс.(өлең) Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Қысқы табиғат көрінісі, қысқы ойын түрлерін атау. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Балаларды табиғатты аялай білуге, қамқорлыққа тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жаңа жыл келді» (өлеңді жаттау) Мақсаты:Өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын ашу; балаларға табиғат көріністерін сипаттап, қыс қызықтарын айтқызып үйрету; сөздік қорларын молайту; балалардың мерекелік көңіл күйлерін көтере отырып жаттату. Орыс тілі Маман жоспары бойынша</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Алақай, қыс келді!» Мақсаты:Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін тиянақтау, жыл мезгілдеріне байланысты өзгерістерді бақылап ажырата білуге, қысқы табиғат көрінісін, қысқы ойын түрлерін әңгімелеп айту арқылы байланыстырып сөйлеуге үйрету.Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру.Қыс мезгіліндегі мерекелер жайлы білімдерін кеңейту.Сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы ойла қабілетін,сөйлеу тілін дамыту,сөздік қорларын нығайту. Эстетикалық тәрбие беру Математика негіздері Тақырыбы:Апта күндері. Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдерін, апта күндерін таныстыра отырып, жыл мезгілдерінің ерекшеліктері жайлы түсіндіру. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. Алға қойған мақсатқа жетуге ойшылдыққа, шапшаңдыққа және тиянақтылыққа тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Менің Астанам». Мақсаты:Топтағы ірі құрылыс материалдарынан өз ойларынан</p>	<p>Мүсіндеу Тақырыбы: Тиін мен қоян. Мақсаты: Балаларды, бөлікті қосып, оларды біріктіруге, оңай заттарды мүсіндеуге, оларды бөлшектермен толықтыруға (тұмсық, көздер, құлақтар, кішкене табан) үйрету. Ермексазды алақанның арасында айналма қимылдармен жазу дағдысын жетілдіру. Балаларға ермексазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Сурет салу Тақырыбы: Аққала Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі туралы, қыс мезгіліндегі ойындар туралы түсініктерін кеңейту.Сурет салуға деген қызығушылықтарын,оқу қызметінде белсенділік көрсетуге, ұқыптылыққа табиғатты сүйюге тәрбиелеу.Зейін, ойлау қабілеттерін,түйсігін дамыту. Жапсыру Тақырыбы: Ойыншықтармен безендірілген шырша. Мақсаты: Жаңа жыл, шырша, шырша ойыншықтары туралы жалпы түсінік беру; әртүрлі пішіндерді қию және бір ұшын үшкірлеп бүктеп қию іскерліктерін шыңдау, тақпақтар, өлеңдер айтқызып тілін, сөздік қорларын дамыту; шығармашылық қабілеттерін дамытуға</p>	<p>Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Достық әлемі» Мақсаты: «Достық» ұғымының қндылық ретіндегі мәнін түсіндіру. Достық,татулық, бірлік ұғымдарын түсіндіру. Өзара татулық сезімдерін дамыту. Достықты қадірлей білуге тәрбиелеу. 1.Шаттық шеңбері. 2. Әңгімелелеу: «Атасының ақылы» 3.Дәйек сөз: «Адам достығымен күшті» 4.ойын: «Достық неден басталады,достыққа не жарасады?» 5.Тыныштық сәті. 6.Ұжымдық жұмыс: «Достық шеңбері» 7.Ғажайып сөздер. 8.Қортынды.</p>
--	--	---	---	---

<p>тақтай үстімен қырынан жүру кезінде денені дұрыс ұстап, тепе-теңдік сақтау, баяу жүгіруді бекіту, жаттықтыру.</p> <p>Негізгі қимылдар: 1.Арақашықтығы 40 см шығыршықтан келесі шығыршыққа бір аякпен және қос аякпен секіру.</p> <p>Қауіпсіз мінез құлық негіздері Тақырыбы: «Менің жүрегім» Мақсаты:Ай, апта күндері туралы сұрай отырып, желтоқсан айындағы мереке ҚР-ның тәуелсізді күнімен таныстыру. ҚР-ның әнұранын айтқызу және қолды қайда қойғанын сұрай отырып, адам ағзасының маңызды мүшесі жүрекпен таныстыру, оның қызметі туралы түсінік қалыптастыру. Дүниетанымын кеңейту, айналаға сүйіспеншілікпен қарауға дағдыландыру. Өзінің және жақын адамдарының денсаулығына құндылық тұрғысынан қарауға тәрбиелеу.</p>		<p>құрылыс жасай білуге бағыт беру,өздері жасаған құрылыстарын әңгімелеп айтып беру және ойын іс-әрекетінде жасалған құрылысты талдау жасау,бірлесіп еңбек ету арқылы ұжымдық еңбек нәтижесіне жете білуге,өзара түсіністікке тәрбиелеу.Өз Отаны Қазақстанның әсем қаласы Астана туралы терең түсінік қалыптастыру.</p>	<p>тәрбиелеу.</p> <p>Музыка Маман жоспары бойынша Музыка Маман жоспары бойынша</p>	
--	--	---	---	--

Өтпелі тақырып : «Дені саудың жаны сау» (Қаңтар I апта.)

Апта тақырыбы:«Бәрі мен жайлы»

Мақсаты:Балалардың күн ережесі туралы білімдерін кеңейту.Денені шынықтырудың әр түрлі жолдарымен таныстыру және оның адам денсаулығына тигізер әсері жөнінде мағлұмат беру. Өзі және өзінің жағдайы, көңіл күйі туралы түсініктерін кеңейту. Өзінің дене мүшелері (қол, аяқ, бас, көз, құлақ т.б.), олардың атқаратын қызметі туралы түсініп,айтып беруге үйрету. Өзіне деген сенімділігін нығайтып, құрметі мен дербестігін арттыру. Тақырыпқа байланысты қойылған сұрақтарға жауап беру дағдыларын дамыту. Өзіне-өзі қызмет етудің қарапайым дағдыларына тәрбиелеу.

<p align="center">«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-2,5 Қауіпсіз мінез-құлық негіздері-0,5</p>	<p align="center">«Қатынас»-5 Сауат ашу негіздері-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -1 Орыс тілі-1</p>	<p align="center">«Таным»-2,5 Математика негіздері -1 Жаратылыстану-1 Құрастыру-0,5</p>	<p align="center">«Шығармашылық»-5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-1 Жапсыру1 Музыка -2</p>	<p align="center">«Әлеумет»-1,5 Өзін өзі тану-1 Қоршаған ортамен танысу-0,5</p>
--	--	---	--	--

<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қыс құстарына қамқорлық» Мақсаты:Саптібектен (құстар қалай ұшады) екі қолды жанға созып тепе-теңдік сақтап жүру, жүгірумен алмастыру.Қыста қыстап қалатын құстарға қамқорлық жасау керектігін түсіндіру. Негізгі қимылдар: 1.3 метр қашықтықтан дорбашаны себетке лақтыру. 2.Қырынан қойылған сатының тақтайшалары арасынан еңбектеп өту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қыс құстарына қамқорлық» Мақсаты:Саптағы бір қатардан екі қатарға қайта сап түзеп тұру.Қолды желке тұсында ұстап жүру.Қашықтыққа жүгіру.Құстарға қамқорлық жасау керектігін айтып түсіндіру. Негізгі қимылдар: 1.Қысқа секіртпемен алға қарай қос аяқтап секіру (арақаш.8м.) 2.Допты қабырғаға ұрып,еденнен ыршыған допты қолмен қағып алу(10 рет) Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қыс құстарына қамқорлық» Мақсаты:Саптібектен(құстар қалай ұшады)екі қолды жанға созып тепе-теңдік сақтап жүру,жүгірумен, алмастыру.Қолды желке тұсында ұстап жүру.Қашықтыққа жүгіру. Негізгі қимылдар: 1.Қыранан қойылған сатының тақтайшалары арасынан еңбектеп өту.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Сөздік диктант Мақсаты: Өткен дыбыстарды қайталап сөздік диктант жазу. Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту. Таза ұқыпты жазуға үйрету.,жазу бетін бағдарлау,жазу жолын,жоларалық кеңістікті ажырату,әріп элементтерін жазуға үйрету. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: К дыбысы мен әрпі Мақсаты: К дыбысы және әрпімен таныстыру. Сөз, сөйлем сызбасын оқу. Суретті кітаптардан ақпаратты табу(сурет арқылы). Сөз, сөйлем сызбасын құру. Сөйлем сызбасының соңына тиістітыныс белгілерін қою: нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қаңтар» (өлен) Мақсаты: Өлеңмен таныстыру, қыс мезгілі туралы әңгімелеу. Өлең мазмұнын түсіне отырып, жаттауға үйрету. Балалардың тіл байлығын,ой-өрісін кеңейту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Дене мүшелер дауы» Мақсаты: Дене мүшелерін атауға қажеттілігін түсінуге үйрету. Есте сақтау қабілетін дамыту. Адамның негізгі дене мүшелерін және олардың атқаратын қызметін атау.Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Орыс тілі Маман жоспары бойынша</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Көзді қалай күту керек»? Мақсаты:Балалардың дене мүшелері туралы түсінікте рін қалыптастыру.Көзді күту ережелерімен таныс тыру.Кеңістікті бағдарлай білу, көзді жұмып қозғалта білу іскерлігін дамыту.Өз денсаулығын сақтауға, дұрыс тамақтануға тәрбиелеу. Математика негіздері Тақырыбы:Ауыр.Жеңіл. Мақсаты: Заттың салмағы және оны өлшеу туралы түсінік қалыптастыру; заттарды «ауыр - жеңіл» сөздерін пайдалана отырып салыстыруды үйрету; заттарды қолмен салыстырып, олардың салмағын көлеміне қарай анықтауды үйрету;заттың кеңістіктегі орнын сипаттау қабілетін дамыту бағытындағы жұмысы жалғастыру; баланың зейінін, ойлау және сөйлеу қабілетін дамыту б) ұқыптылыққа тәрбиелеу. Олардың салмағын анықтау үшін заттарды өлшеу тәсілдерімен таныстыру;</p>	<p>Жапсыру Тақырыбы: Қыс.Аққала. Мақсаты: Дайындаған шағын және ірі бөлшек терді орналастырып жабыстыруын көрсету.Балаларға шеңбер және сопақ пішіндерді алу үшін бұрыштарды дөңгелектеп кесуге, композицияны құруға үйретуді жалғастыру. Мүсіндеу Тақырыбы: Шанада отырған бала. Мақсаты: Балаларға спорт денсаулық кепілі екенін түсіндіру. Қыс кезіндегі ойын түрлерімен таныстыра отырып, шананы мүсіндеуге үйрету. Тазалыққа баулу Сурет салу Тақырыбы: Әдемі қолғап. Мақсаты: Балаларға өздері туралы және денсаулық тақырыбында әңгімелесе отырырып, қыс кезінде күтініп,денсаулқытарын қадағалауға үйрету. Ұқыптылыққа баули отырып, қолғаптың суретін салуға үйрету Музыка Маман жоспары бойынша Музыка Маман жоспары бойынша</p>	<p>Өзін-өзі тану Тақырыбы: Сәлемдесе білемін. Мақсаты:Балаларға сәлемдесу амандасу туралы түсінік беру.Балаларды сәлемдесе білуге үйрету.балалар бойындағы жақсы қасиеттері дамыту.Әдептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: "Мен және мені қоршаған орта" Мақсаты: балаларды туған жерге, қоршаған ортаға, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Өлі және тірі табиғатпен таныстыру. Құстар мен өсімдіктерді, жануарларды қорғауға және қамқорлық жасай білуге, ұйымшылдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.</p>
--	--	---	---	---

Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау» (Қаңтар II апта.)

Апта тақырыбы: «Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»

Мақсаты: Балалардың дұрыс тамақтану туралы білімдерін жүйелеу, кеңейту және дәрумендер туралы түсінік беру. Балалардың ойлау, есте сақтау, салыстыру және таным белсенділігін арттыру. Тазалық гигиенасын сақтау, тазалыққа баулу. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеуге, үстел басында өзің ұстай білуге тәрбиелеу.

